

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
NATIONAL UNIVERSITY «YURI KONDRATYUK POLTAVA POLYTECHNIC»
POLTAVA STATE AGRARIAN ACADEMY
UNIVERSITY OF ECONOMICS IN BRATISLAVA**

**«ЖАҒАНДЫҚ ПАНДЕМИЯ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИАЛАРЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЭКОНОМИК В УСЛОВИЯХ ВЫЗОВОВ МИРОВОЙ
ПАНДЕМИИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**« CURRENT TRENDS AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF
NATIONAL ECONOMIES IN THE CONTEXT OF GLOBAL PANDEMIC
CHALLENGES»**

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5
Ж 52

Редакция алқасы

РАИМБЕКОВ Ж.С. - төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. - э.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АЗАТБЕК Т.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

МАДИЯРОВА Д.М. - э.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы университеті, Москва қ., Ресей

ДУБИНА И.Н. - э.ғ.д., профессор, Новосибирск мемлекеттік университеті, Новосибирск қ., Ресей

КОМЕЛИНА О.В. - э.ғ.д., профессор, менеджмент және логистика кафедрасының меңгерушісі, «Юрий Кондратюк атындағы Полтава политехникумы» ұлттық университеті, Полтава қ., Украина

ISBN 978-601-337-395-9

Ж52 «Жаһандық пандемия сын-қатерлері жағдайындағы ұлттық экономикалардың қазіргі тенденциялары мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020. - 514 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии». - Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – 514 с.

Works of the international scientific-practical conference «Modern trends and prospects for the development of national economies under the challenges of the world pandemic». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020. - 514 p.

ӘОЖ 339.9(063)
ҚБЖ 65.5

ISBN 978-601-337-395-9

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020

Оралбекова С.Т., Мухсинова А.С., Исаева Б.К.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Нарықтық экономика жағдайында стратегиялық жоспарлаудың кәсіпорындарда алатын орны ерекше. Ол дамыған елдерде кәсіпкерлікті реттеудің негізгі инструменті болып табылады. Кәсіпорын өз қызметін жоспарлау арқылы болашақта өзінің алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылып, пайдасын арттыруға тырысады. Әр түрлі өндірістік-техникалық факторлар мен ұйымдастырушылықты сатылы жетілдіру негізінде даму стратегиясы экономикалық өсудің жоғары деңгейіне жетуге бағытталады. Сонымен, стратегиялық жоспарлауға анықтама беретін болсақ, ол – кәсіпорынның мақсат таңдау процесі мен оған қол жеткізуге арналған кешенді жоспары.


Нарықтық экономикада бәсекелестік пен жеке меншік дамыған кезеңде мемлекеттен бастап барлық субъектілер экономиканы өсіру үшін жоспарлауды қолданады. Нарықта кез-келген кәсіпорын белгілі бір нәтижеге жету үшін, жұмысқа кіріспес бұрын алға мақсаттар қойып, кәсіпкерлік стратегиясын жасауға міндетті.

Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның болашақта туындайтын мәселелерді ресми болжаудың жалғыз әдісі. Жоспарды құрушылардың экономика, құқық, экология, статистика, стратегиялық менеджмент, қаржы салалары жайлы білімі болуы қажет [1].

Кәсіпорындар негізінен шексіз қажеттіліктерді шектеулі экономикалық ресурстармен барынша қанағаттандыруға тырысып, соған қарай шешімдер қабылдайды. Жоспарлау ресурстарды тиімді бөлу үшін, фирманың болашақта жағымды және жағымсыз жағдайларға тез арада бейімделуі, бәсекелестік күресте пайда болатын қауіптерді алдын алу үшін жасалынады. Маркетингтік, жобалық, өндірістік және қаржылық әрекеттерді біртұтас жүйеге біріктіруге, сонымен қатар, өнімді жылжытуға, нарықты түсінуге стратегиялық жоспар көмектеседі.

Ірі, орта және шағын кәсіпорындардың стратегиялық даму жоспарлары шаруашылық қызмет ауқымының, бизнес ерекшелігінің, ұйымдық құрылым мен бизнес-процестердің күрделілігінің айырмашылығына байланысты ерекшеленетін болады. Бірақ кез келген жағдайда сапалы стратегиялық жоспарды әзірлеу келесідей кезеңдермен жүзеге асырылады (сурет 1).

Қай бағытта қозғалу, даму керектігін түсіну үшін компания ең алдымен өз миссиясын, яғни оның өмір сүруінің басты мақсатын анықтауы керек [2].



Сурет 1. Стратегиялық жоспарлаудың кезеңдері

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Ұйымның миссиясы оның қызмет саласы мен түпкі мақсатын көрсетеді. Қабылданған миссия негізінде миссияның орындалуын қамтамасыз ететін кәсіпорындардың даму стратегиялары жасалынады.

Кәсіпорындардың даму стратегияларын әзірлеу кезінде олардың бекітілген миссиясымен байланысын мұқият тексеру қажет. Өйткені, кәсіпорынның даму стратегиясын жүзеге асыру үшін оның барлық бөлімшелерінің күш-жігері қажет болады. Әр бөлімшенің басшылары мен қызметкерлері компанияның жалпы стратегиясын орындау үшін өздерінің мақсаттары мен міндеттерін нақты білуі қажет.

Өз мақсаттарын бекіткеннен кейін жетекші стратегиялық жоспарлау процесін диагностикалауы қажет. Мысалы, стратегияға ықпал ететін өзгерістерді бағалау, кәсіпорынға қандай факторлар қауіп әкелетінін анықтау.

Шаруашылықты жүргізуші субъектілердің қызметінің жетістіктері басқару деңгейіне, қабылданған шешімдердің объективтілігі нақтылығы мен ғылыми негізделуіне байланысты. Миссия мен стратегияны құрамас бұрын, компанияның сыртқы және ішкі ортасына стратегиялық талдау жасау керек, оның нәтижесінде белгілі бір кәсіпорынның қоршаған нарықтық ортадағы тәуекелдері мен мүмкіндіктері бағаланылады (сурет 2).



Сурет 2. Стратегиялық талдау әдістері

Ескерту: авторлармен құрастырылған

SWOT-талдаудың мақсаты - кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын анықтау, олардың сыртқы мүмкіндіктер мен қауіптермен байланысын орнату.

Талдау нәтижелері бойынша мүмкіндіктерді пайдалануға және даму үшін қауіптерді жоюға бағытталған кәсіпорынның стратегиялары жасалады [3].

«Ықтималдық/әсер ету» матрицалары кәсіпорынның сыртқы ортасының мүмкіндіктерін және оның сыртқы ортасына қауіпті позициялау үшін бөлек құрылады. Әрбір матрицада мүмкіндіктер мен қауіптер, олардың пайда болу ықтималдығы мен кәсіпорынға әсер ету күші бойынша бөлінеді. Матрицалар сыртқы факторларды бақылауға және бизнесті дамыту стратегиясын жасауға көмектеседі [4].

Тәуекелдер мен мүмкіндіктер тізілімін қалыптастыру алдыңғы екі әдіспен салыстырғанда егжей-тегжейлі талдауды қамтиды. Біріншіден, кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктер анықталады. Бұдан әрі анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктер оларды іске асыру ықтималдығының дәрежесі және кәсіпорынның бизнесіне әсер ету дәрежесі бойынша бағаланады. Содан кейін тәуекелдер мен мүмкіндіктер матрицасы қалыптастырылады, онда бағаланған тәуекелдер мен мүмкіндіктер әсерінің жиынтық дәрежесі көрсетіліп, оларды азайту және іске асыру жолдары белгіленеді.

Бекітілген жоспардың өзектілігін жоғалтпау үшін жүйелі түрде бақылау және кәсіпорынның стратегияларын қайта қарау қажет, өйткені нарықтық жағдай және кәсіпорынның ішкі процестері стратегиялық жоспарды әзірлеу кезінде көрінбеген факторлардың әсерінен айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Таңдалған жолдың тиімсіздігін уақытында анықтау маңызды.

Шын мәнінде, стратегиялық жоспарлау - бұл үздіксіз процесс, оның барысында кәсіпорын табысқа жетудің ең қысқа және тиімді жолын табуы керек.

Басқару шешімін қабылдауға қажетті құрал болып саналатын стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері бар:

Стратегияны көбінесе жоғары басшылар жасайды, ал оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейдегілер қатысады.

Стратегиялық жоспар жеке ұйым үшін ғана емес, бүкіл кәсіпорынның болашағы үшін жасалады.

Стратегиялық жоспар ақпараттарға негізделеді. Мысалы, кәсіпкер бәсекелесу үшін нарықтағы бәсекелестері туралы ақпаратты ұдайы жинайды, әрі талдайды.

Стратегиялық жоспарларды қажет болған жағдайда жетілдіруге немесе қайта бағыттау болады. Бұл оның икемділігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, кез келген кәсіпорын өзінің болашақ әрекеттерін жүзеге асыру үшін стратегиялық жоспарлауды құру қажет. Бұл стратегиялар ұйымдарға мақсаттарына жетуге көмектеседі. Оның міндеті-кәсіпорынды ұйымдастырудағы инновациялар мен өзгерістерді жеткілікті түрде қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева М.М. Планирование деятельности фирмы: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2010.
2. Ниязбекова Р.Қ., Рахметов Б.А., Байнеева П.Т. Кәсіпорын экономикасы.- Алматы, 2008.
3. Ispravnikov A.A., Serkova N.V., Zeremskaya Yu.A. Planning of organizational changes // Journal of Economics and Social Sciences. – 2014. – № 4. – URL: jess.esrae.ru/6-86
4. Савкина Р.В. Планирование на предприятии: Учебник. – М.: Дашков и К, 2013.

УДК 338

Рамазанов В.А.

Национальный университет «Полтавская политехника имени Юрия Кондратюка», г. Полтава, Украина

УПРАВЛЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИМИ РИСКАМИ ПРЕДПРИЯТИЯ ОЦЕНКА НЕОБХОДИМОГО УРОВНЯ ДИВЕРСИФИКАЦИИ ПОСТАВОК ПРИРОДНОГО ГАЗА

Используя принципы, принятые в странах - членах ЕС, Украина должна решить, до какой степени ей целесообразно диверсифицировать газоснабжение. Для оценки необходимого уровня диверсификации поставок природного газа в Украину необходимо обоснованно измерять ее уровень, для чего сегодня используют количественные и качественные показатели:

1. Абсолютный уровень диверсификации. Уровень можно определить, учитывая общее количество независимых поставщиков газа (с отдельным выделением количество поставщиков газа, которые используют газопроводы и, использующих мощности LNG (терминалы, установки LNG).